

Қазақстан Республикасының  
Оқу-ағарту министрі  
2022 жылғы 5 желтоқсандағы  
№486 бұйрыққа  
1,2,3,4,5 – қосымшалары бойынша жасалынды

**«LauRus 2019» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**  
**«LauRus» бөбекжайының 2023-2026 оқу жылдары бойынша**  
**өзін-өзі бағалау есебі**

## **«LauRus 2019» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «LauRus» бөбекжайы өзін-өзі бағалау құрылымы бойынша қорытынды есебі**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңының 5-бабының 21-2 тармақшасын, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы №375-V «Кәсіпкерлік Кодексінің» 137 бабын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрықтың қосымшасы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» негізінде Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, «LauRus 2019» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «LauRus» жеке бөбекжайы Батыс Қазақстан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2026 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесі негізінде өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру үшін «2026 жылы мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесін бекіту туралы» 2025 жылғы 07 қарашадағы №1040 бұйрығы негізінде «2023-2024; 2024-2025; 2025-2026 оқу жылдарына бағалау жүргізілді. 2026 жылғы сәуір айының 01 күні кезектен тыс педагогикалық кеңес отырысы ұйымдастырылды. 2026 жылғы 05 қаңтар №2 бұйрығымен өзін-өзі бағалауды жүргізетін комиссия мүшелері тағайындалды:

### **Комиссия төрайымы:**

Бижанова Г.Н.—«LauRus 2019» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «LauRus» бөбекжайы меңгерушісі.

### **Комиссия мүшелері:**

Айшуакова Р.А.— «LauRus 2019» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «LauRus» бөбекжайы әдіскері;

Қарабасова А.С.— «LauRus 2019» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «LauRus» бөбекжайы дене шынықтыру нұсқаушысы;

Тулекова М.А.— «LauRus 2019» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «LauRus» бөбекжайы қазақ тілі мұғалімі;

Хабибулліева Н.Н.— «LauRus 2019» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «LauRus» бөбекжайы музыка жетекшісі;

Комиссиямен Бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім беру ұйымдарына бағалау жүргізу кезінде негізгі бағыттар мен зерделеу объектілері бойынша өзін-өзі бағалау материалдарына талдау, оның ішінде ұсынылатын білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізілді.

«LauRus 2019» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «LauRus» бөбекжайы өзін-өзі бағалау материалдарын зерделеп, оларды білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерінде орналастырылған мәліметтер және ұйымдар мен уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтерімен салыстыра отырып, комиссия қызметтің сандық және сапалық көрсеткіштеріне бағалау жүргізілді.

<b>1.Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы:</b>	
1)	<b>Білім беру ұйымының атауы:</b> «LauRus 2019» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «LauRus» бөбекжайы.
2)	<b>Білім беру ұйымының орналасқан жері және заңды мекен-жайы:</b> Индекс 090009, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Қарашығанақ көшесі №14/1 үй; <b>Орналасқан жері:</b> Орал қаласы, Қазтуған Жырау көшесі №2 үй.
3)	<b>Заңды тұлғаның байланыс деректері:</b> (телефон, электронды пошта, web-сайт): Телефон: 8747 292 81 07, электрондық пошта: <a href="mailto:laurus07@mail.ru">laurus07@mail.ru</a> , Сайт: <a href="https://laurus.edu.kz">https://laurus.edu.kz</a> Instagram: @laurus2_07
4)	<b>Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері:</b> (басшысының ФАӘ және лауазымға тағайындау туралы бұйрық туралы деректер): «LauRus 2019» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «LauRus» бөбекжайының 14.02.2022 ж бұйрық №1 бұйрығы негізінде Бижанова Гульмира Нагашибаевна меңгеруші лауазымына тағайындалды. Телефон 8747–292–81–07
5)	<b>Құқық беруші және құрылтайшы құжаттар:</b> «LauRus 2019» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «LauRus» бөбекжайының Жарғысы 2022 жылғы 14 ақпан №11 бұйрығымен бекітілді, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Батыс Қазақстан облысы бойынша филиалының Орал қаласы тіркеу және жер кадастры бөлімі 2021 жылдың 13 қаңтары №1447-1926-НАО-ГП, алғашқы тіркелуі 14 ақпан 2022 жылы. Бизнес сәйкестендіру нөмірі 190940023662. «LauRus 2019» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «LauRus» бөбекжайының «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Батыс Қазақстан облысы бойынша филиалының Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және заңды тұлғаларды тіркеу бөлімі, Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтамасы (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес анықтама заңды тұлғаның қайта мемлекеттік тіркеуден өткенін растайтын құжат болып табылады). Берілген күні: 14.02.2022 жыл, алғашқы мемлекеттік тіркеу күні: 20.09.2019 жыл. Орал қаласының тіркеу және жер кадастры бөлімі 2019 жылдың 20 қыркүйегі №101000180062109, алғашқы тіркелуі
6)	<b>Рұқсат етуші құжаттар:</b> Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті Батыс Қазақстан облысының Білім саласындағы бақылау департаменті» тіркеген номері №KZ16RVK00067614, берілген күні 30.12.2025 жыл. Бөбекжайда тәрбие мен оқыту үдерісін ұйымдастыруда Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандартын және басқа да Қазақстан Республикасының қолданыста бар негізгі нормативтік–құқықтық құжаттарды басшылыққа алынады. Өзін-өзі бағалауды жүзеге асыру кезеңінде комиссия Қазақстан Республикасының Оқу–ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсанындағы №486 бұйрығының қосымшасына «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшем шарттары» сәйкес 2023–2024; 2024–2025; 2025–2026 оқу жылдарының құжаттары.

2	<p><b>Кадрлық құрамға талдау:</b></p> <p>Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29329 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары (бұдан әрі-Үлгілік қағидалар) сақталған.</p> <p>«LauRus 2019» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «LauRus» бөбекжайының өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігімен ұсынылатын, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін реттейтін нормативтік-құқықтық құжаттарды басшылыққа алып.</p> <p>«LauRus 2019» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «LauRus» бөбекжайының педагогтерінің кәсіби құзыреттілік деңгейі Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігімен бекітілген 15.12.2022 жылғы №500 «Педагог» кәсіби стандартын бекіту туралы» бұйрығы және Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрінің 13.07.2009 жылғы №338 «Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» бұйрығының біліктілік талаптарына сәйкес келеді.</p> <p><b>-Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі бар педагогтер туралы мәліметтер немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжат, оның ішінде базалық білімі жоқ педагогтер туралы мәліметтер:</b></p> <p>«LauRus 2019» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «LauRus» бөбекжайы мектепке дейінгі ұйымының өзін-өзі бағалау анықтамасы, әдістемелік ұсынымдағы 2-қосымшасы, ресми сайт материалдары және Ұлттық білім беру деректер қорындағы ақпарат негізінде педагогикалық кадрлардың құрамына, олардың біліктілігіне, мектепке дейінгі ұйым қызметінің Үлгілік қағидалары талаптарының орындалуына талдау жүргізілді.</p> <p><b>2023–2024 оқу жылында</b> барлығы 8 педагог, олар 1–меңгеруші, 1–әдіскер, 1–дене шынықтыру мұғалімі, 1–қазақ тілі пәні мұғалімі, 1–музыка жетекшісі, 4–тәрбиеші қызмет атқарды. <u>Жалпы бейіні бойынша жоғары білімді педагогтер саны 3 педагог (38%), арнаулы орта білімі бар–5 педагог (62%). «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бар педагогтардың үлесі–100% құрайды</u></p> <p><b>2024–2025 оқу жылында</b> барлығы 9 педагог, олар 1–меңгеруші, 1–әдіскер, 1–дене шынықтыру мұғалімі, 1–қазақ тілі пәні мұғалімі, 1–музыка жетекшісі, 5–тәрбиеші қызмет атқарды. <u>Жалпы бейіні бойынша жоғары білімді педагогтер саны 1 педагог (11%), арнаулы орта білімі бар–8 педагог (89%). «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бар педагогтардың үлесі–100% құрайды</u></p> <p><b>2025–2026 оқу жылында</b> барлығы 9 педагог, олар 1–меңгеруші, 1–әдіскер, 1–дене тәрбиесі мұғалімі, 1–қазақ тілі пәні мұғалімі, 1–музыка жетекшісі, 5–тәрбиеші қызмет атқарады. <u>Жалпы бейіні бойынша жоғары білімді педагогтер саны 1 педагог (11%), арнаулы орта білімі бар–8 педагог (89%). «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бар педагогтардың үлесі–100% құрайды</u></p> <p><b>2023–2024, 2024–2025, 2025–2026 оқу жылдарының</b> штаттық кестесі және тарификациясы мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларының 21 тармағы негізінде «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы №77 қаулысына сәйкес қаралды. Бағаланатын кезеңге штаттық кестелер мен педагогтердің тарификациясы басшының қолымен бекітіліп, мөрімен расталды, штаттық кесте, сапалық</p>
---	---

құрам бөбекжайдың ресми сайтында орналастырылды. Әдістемелік ұсынымның 2–қосымшасы негізінде кадрлық құрам бойынша берілген мәлімет штаттық кестемен және Ұлттық білім беру деректер қортындағы ақпараттармен сәйкес келеді .

**Бағаланатын оқу жылдары тиісті бейіні бойынша жоғары педагогикалық білімдері бар педагогтердің үлесі 11%.**

Оқу жылдары	Барлық педагогтар саны	Соның ішінде жоғары оқу орнын бітіргендер саны	%	Барлық педагогтар (меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер)	Соның ішінде «Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу»	%
2023–2024	8	3	38%	5	5	100%
2024–2025	9	1	11%	8	5	100%
2025-2026	9	1	11%	8	5	100%

**2.1 Мемлекеттік білім беру ұйымы басшыларының үш жылда бір рет аттестаттаудан өткендігі туралы мәліметтер:**

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» №202 бұйрығына сәйкес, Батыс Қазақстан облысының Білім басқармасының 31.12.2020 жылғы №735 бұйрығы негізінде, аттестаттау ережелеріне сәйкес

**2023–2024; 2024–2025; 2025–2026** оқу жылдары бойынша Бижанова Гульмира Нагашибаевна «LauRus 2019» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «LauRus» бөбекжайының 14.02.2022 ж бұйрық №1 бұйрығы негізінде меңгеруші лауазымына тағайындалды.

**2.2 Кемінде бес жылда бір рет педагогтердің біліктілік санатының деңгейін арттыру/растау туралы мәлімет:**

Қазақстан Республикасы Оқу–ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата–анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларының 24 тармағына сәйкес «LauRus 2019» педагогтері кемінде бес жылда бір рет біліктілік санаты деңгейін арттырып (растап) отырады. *(2-қосымшада жалғанды)*

**2023–2024 оқу жылы бойынша:** Барлығы–8 педагог. Олардың: II санатты педагог–1, педагог модератор–1, жас маман–5. Санатсыз педагогтер: меңгеруші Г.Н.Бижанова, ал қалған 5 педагог жас маманның 3–уі яғни мамандығы бойынша оқу орнын 2021, 2022, 2023 жылдары бітірген; жас маман Тулекова Мейрамгуль Ахметовна мамандығы бойынша оқу орнын 2014 жылы бітірсе де, еңбек өтілін 2022 жылы бастады.

Жалпы педагогтер біліктілік санатының өсу деңгейі **88 %** құрайды. **3 балл**

**2024–2025 оқу жылы бойынша:** Барлығы–9 педагог. Олардың: II санатты педагог–1, педагог модератор–1, жас маман–6. Санатсыз педагогтер: меңгеруші Г.Н.Бижанова, ал қалған 6 педагог жас маманның 3–уі яғни мамандығы бойынша оқу орнын 2022, 2023, 2024 жылдары бітірген; жас маман Тулекова Мейрамгуль Ахметовна мамандығы бойынша оқу орнын 2014 жылы бітірсе де, еңбек өтілін 2022 жылы бастады.

Жалпы педагогтер біліктілік санатының өсу деңгейі **89 %** құрайды. **3 балл**

**2025–2026 оқу жылы бойынша:** Барлығы–9 педагог. Олардың: педагог модератор–2, жас маман–6, Санатсыз педагогтер директор Г.Н.Бижанова, ал қалған 6 педагог жас маманның 5–і мамандығы бойынша оқу орнын 2022, 2023, 2024 жылдары бітірген, ал жас маман Тулекова Мейрамгуль Ахметовна мамандығы бойынша оқу орнын 2014 жылы бітірсе де еңбек өтілін 2022 жылы бастады.

Жалпы педагогтер біліктілік санатының өсу деңгейі **89 %** құрайды. **3 балл**

«Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу–ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығының Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей) үлесі **80%–дан төмен 2 баллмен** бағаланды. Дәлелдеме құжаттары 2–қосымшада жалғанған.

**Кестеде 2023–2026 жылдардағы педагогтердің санаты ұсынылған:**

Жылы	Педагогтар саны	Біліктілік санаттары бар педагогтар саны	%	Біліктілік санаты							
				Меңгерушінің біліктілік санаты	Педагог-зерттеуші	Педагог-сарапшы	Педагог-модератор	Жоғары	Бірінші	Екінші	Санаты жоқ/педагог
2023–2024	8	2	25%	0	0	0	1	0	0	1	6
2024–2025	9	2	22%	0	0	0	1	0	0	1	7
2025–2026	9	2	22%	0	0	0	2	0	0	0	7

**2 қосымша** негізінде педагогтердің мамандығын дәлелдеуші дипломдары, соттылығы туралы анықтамалары, санаты туралы және біліктілікті арттыру курсынан өткені туралы куәліктері, тарификациялық және штаттық кестелер, 2 қосымша таблицасы сканерленіп ұсынылды және ресми интернет–ресурсына <https://laurus.edu.kz/> орналастырылды және ұлттық білім беру деректер базасында дәлелденді.

**2.3 Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі**

«LauRus 2019» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «LauRus» бөбекжайы педагогтері Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтарындағы №95 «Педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курсы өткізу және ұйымдастыру ережелерін бекіту туралы» бұйрығы, ҚР Оқу–ағарту министрінің 2022 жылғы 03 қазандағы бұйрығы бойынша өзгертулермен,

2021, 2022, 2023 жылдарға бекітілген біліктілік деңгейін жоғарлату немесе растау жоспары бойынша уақытылы аттестаттаудан бес жылда бір рет өтті. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы мен «Педагог мәртебесі туралы» Заңға педагогтердің біліктіліктерін жоғарлату үш жылда бір реттен кем емес деген өзгерістер енгізілді. 2023 жылы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 04.05.2020 жылғы №175 және 28.01.2016 жылғы №95 бұйрықтарына өзгерістер енгізілген. Бөбекжай педагогтерінің біліктіліктерін арттыру курсынан өтуге жаңа жобалық жоспар құрылды–үш жылда бір рет.

Оқу□жылдары	Педагогтер саны	Біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтер саны	Пайыздық мөлшермен (%)
2023–2024 оқу жылы	8	2	25 %
2024–2025 оқу жылы	9	5	56 %
2025–2026 оқу жылы	9	7	78 %

2023–2024 оқу жылдары бойынша директор Г.Н.Бижанова, әдіскер Р.А.Айшуақовалар жеке бөбекжайларға арналған педагог біліктілігін арттыру курстарының болмауына байланысты курстан өте алмады.

2024–2025 оқу жылдары бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен (2022 жылы 13 қыркүйек 154 бағдарлама) келісілген біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламаларының тізбесіне сәйкес 3 жылда бір рет толық педагог біліктілігін арттыру курстарынан «LauRus 2019» ЖШС «LauRus» бөбекжайы педагогтерінің барлығының да курстан өткені туралы куәліктері жинақталды. «LauRus 2019» ЖШС «LauRus» бөбекжайы педагогтерінің біліктілігін арттыру курстарынан өтуі **100 %** қамтылған. **5 балл.**

2025–2026 оқу жылдары бойынша **2 қосымша** негізінде педагогтердің мамандығын дәлелдеуші дипломдары, соттылығы туралы анықтамалары, санаты туралы және біліктілікті арттыру курсынан өткені туралы куәліктері, тарификациялық және штаттық кестелер, 2 қосымша таблицасы сканерленіп ұсынылды және ресми интернет – ресурсына <https://laurus.edu.kz/> орналастырылды және ұлттық білім беру деректер базасында дәлелденді «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу–ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығының Бағалау өлшемшарттары бойынша «Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі» **100% 5 баллмен** бағаланды. Бағаланатын кезеңге бөбекжай педагогтерінің штаттық кестесі ұсынылды. Мектепке дейінгі ұйым қызметкерлерінің штаттық саны 2008 жылғы 30 қаңтар №77 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген «Мемлекеттік білім беру ұйым қызметкерлерінің типтік штатын бекіту туралы» сәйкес жасалды. *(педагогтер туралы мәлімет 2–қосымшаға сәйкес кестеде ұсынылды)*

### III. Тәрбиеленушілер контингенті

**3.1 Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мазмұнға өлшемшарттар:**  
 Қазақстан Республикасы Оқу–Ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №29329 болып тіркелген) бекітілген мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын (бұдан әрі Үлгілік қағидалар) сақтау;  
**Жасына байланысты, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілер контингенті туралы мәліметтер:**  
 Қазақстан Республикалық Оқу–ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №293329 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын (бұдан әрі–Үлгілік қағидалар) сақтау.  
 Бөбекжайымызда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №6 бұйрығымен бекітілген ерекше білімді қажет ететін балаларды психологиялық–педагогикалық қолдап отыру қағидалары негізінде жүзеге асырылды.  
 Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары сақталған.  
 2023–2024, 2024–2025, 2025–2026 оқу жылдарында педагог–психолог кеңестің жұмысы Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, «Мүмкіндігі шектеулі балалардың жағдайын талдау: Қазақстан Республикасында инклюзивті қоғамды дамыту», «Инклюзивті білім берудің ресурстық орталығы туралы ереже», «Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамыту» және ҚР МБЖМС ұсыныстарын сақтай отырып жасалады.  
**2023–2026 оқу жылы бөбекжайда 3 топ ҚР МЖМБС-ң талаптарын сақтай отырып, балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып құрылған. Барлық қабылданған бала саны тізім бойынша–56 бала, оның ішінде оқу жылында ерекше білімді қажет ететін балалар болмады.**

#### **4. Тәрбие және оқыту мерзіміне қойылатын талаптар**

**4.1 Балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау:**  
 «LauRus 2019» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «LauRus» бөбекжайының 2023–2024, 2024–2025, 2025–2026 оқу жылдары Қазақстан Республикасы Оқу–ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата–анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларының 6, 7, 8 тармақтарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген (өзгерістер мен толықтырулар енгізу № 182 бұйрығымен бекітілген) Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттының 22 тармақшасына сәйкес жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптары сақталған:  
**2023–2024 оқу жылдарында балалардың жас ерекшеліктерін сақтай отырып 3 топ қалыптасқан. Олардың жастары 1 қыркүйекке толық есептелді.**

№	Топтың атауы	Жас кезеңі	Бала саны
1	«Балапан»	5 жастан бастап	20
2	«Айгөлек»	5 жастан бастап	20

3	«Қарлығаш»	5 жастан бастап	16
Барлығы			56

**2023–2024 оқу жылында** Қазақстан Республикасының Оқу–ағарту министрлігімен тәрбие мен оқыту мерзіміне жаңа талаптар бекітілді (№348, 03.08.2022 жылғы), балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес жаңа оқу жылында күнтізбелік жылға толық жасын ескере отырып 3 топ құрылды, тәрбиелік–білім беру процесін жүзеге асырды.

№	Топтың атауы	Жас кезеңі	Бала саны
1	«Балапан»	5 жастан бастап	16
2	«Айгөлек»	5 жастан бастап	20
3	«Қарлығаш»	5 жастан бастап	20
Барлығы			56

**2025–2026 оқу жылында** Қазақстан Республикасының Оқу–ағарту министрлігімен тәрбие мен оқыту мерзіміне жаңа талаптар бекітілді (№348, 03.08.2022 жылғы), балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес жаңа оқу жылында күнтізбелік жылға толық жасын ескере отырып 3 топ құрылды, тәрбиелік–білім беру процесін жүзеге асырды.

№	Топтың атауы	Жас кезеңі	Бала саны
1	«Балапан»	5 жастан бастап	16
2	«Айгөлек»	5 жастан бастап	20
3	«Қарлығаш»	5 жастан бастап	20
Барлығы			56

### **1 сыныпқа тәрбиеленушіні қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру мерзімдерін сақтау:**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген (өзгерістер мен толықтырулар енгізу № 182 бұйрығымен бекітілген) Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының 22 тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу–ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың 25, 26 тармақшаларына сәйкес «LauRus 2019» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын толық меңгерген 5 жасқа дейінгі балалар қабылданды.

Талдау үшін ұсынылған құжаттарды (тәрбиеленушілерді қабылдау және мектепке дейінгі ұйымнан шығару туралы бұйрықтарды) зерделеу 2023–2024 оқу жылында балаларды бір жас тобынан екіншісіне ауыстыру тәрбиеленушінің ағымдағы жылдың 1 қыркүйегіне толық жасқа жетуін ескере отырып, ағымдағы жылдың 1 тамызынан 31 тамызына дейін, 2024–2025, 2025–2026 оқу жылында балаларды бір жас тобынан екіншісіне ауыстыру ағымдағы жылдың 1 тамызынан 31 тамызына дейін тәрбиеленушінің күнтізбелік жылға толық жасқа жетуін ескере отырып жүзеге асырылғанын көрсетті. Мектепке дейінгі жастағы Тәрбиеленушілерді мектепке дейінгі ұйымнан шығару жыл сайын 1 тамызға дейін жүзеге асырылады, бұл балалардың қозғалысы туралы бұйрықтармен расталады.

**2023–2024 оқу жылы**

№	Топ атауы	Жас кезендері	Оқыту тілі	Тәрбиенушілер саны
1.	«Балапан»	5 жастан бастап	Қазақ тілінде	20
2.	«Айгөлек»	5 жастан бастап	Қазақ тілінде	20
3.	«Қарлығаш»	5 жастан бастап	Қазақ тілінде	16

**2024–2025 оқу жылы**

№	Топ атауы	Жас кезендері	Оқыту тілі	Тәрбиенушілер саны
1.	«Балапан»	5 жастан бастап	Қазақ тілінде	16
2.	«Айгөлек»	5 жастан бастап	Қазақ тілінде	20
3.	«Қарлығаш»	5 жастан бастап	Қазақ тілінде	20

**2025–2026 оқу жылы**

№	Топ атауы	Жас кезендері	Оқыту тілі	Тәрбиенушілер саны
1.	«Балапан»	5 жастан бастап	Қазақ тілінде	16
2.	«Айгөлек»	5 жастан бастап	Қазақ тілінде	20
3.	«Қарлығаш»	5 жастан бастап	Қазақ тілінде	20

*Қорытынды: «Laurus 2019» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқыту талаптары сақталған. Жас ерекшеліктеріне сәйкес топтар бойынша жасақталған, 5 жас мектепалды тобы.*

*(Тәрбиеленушілердің тізімі тіркелді. Кестедегі 3 қосымшада берілді)*

#### **4.2. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар:**

##### **1. Тәрбиемен оқыту мерзіміне қойылатын талаптар:**

Балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау балаларды жас ерекшеліктеріне қарай топтарға орналастыру бағаланатын оқу жылдары бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығының өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 5 мамырдағы №182 бұйрығының 22-тармағына «Жас кезендері және жас топтары(балалардың жасы-сол оқу жылындағы толық жасы) басшылыққа ала отырып жоспарланды. 1 сыныпқа тәрбиеленуші қабылданғанға дейін ҚР білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыз №499 және ҚР оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазан №422 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын» игеру мерзімін сақтады.

Бағаланатын оқу жылдары бойынша бөбекжайдан 1 сыныпқа толық үш топ та шығарылып отырды. 2023-2026(сәуір) оқу жылдары бойынша бағалатын кезендердегі тәрбиеленушілер континентінің тізімі **3 қосымша** негізінде сканерленіп ресми интернет – ресурсына <https://laurus.edu.kz/> орналастырылды.

#### **IV. Оқу әдістемелік жұмыс**

**Оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған қызметтің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348**

**бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының (бұдан әрі – ҮОЖ) талаптарына сәйкес**

«LauRus» бөбекжайының бағаланатын оқу жылдарында төмендегідей құжаттарды басшылыққа ала отырып **2023–2024, 2024–2025, 2025– 2026 оқу жылдарында** Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары негізінде жасақталып перспективалық жоспарлары, циклограммалары мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасымен құрастырылып, меңгерушімен бекітілді. «Қазақстан Республикасы Оқу–ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (өзгертулер мен толықтырулар Қазақстан Республикасы Оқу–ағарту министрінің 09.09.2022 жылғы №394 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары») жасақталды. «Балапан», «Айгөлек», «Қарлығаш» мектепалды топтарында ұйымдастырылған іс–әрекеттері ҚР Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен бекітілген. Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, міндеттерін іске асыру үшін күні бойы педагогтің кіріктірілген ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы жүргізілді.

**2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары** бойынша мектепалды топтарында перспективалық – жылдық жоспарлары және балаларды тәрбиелеу мен білім беру процесінің циклограммасы, жылдық перспективалық жоспарлары мен пән мұғалімдерінің циклограммалары ұсынылды.

**2025-2026 оқу жылы** бойынша қыркүйек- сәуір оқу айларының үш мектепалды топтарының перспективалық – жылдық жоспарлары және балаларды тәрбиелеу мен білім беру процесінің циклограммасы ұсынылды. Сонымен қатар осы оқу жылы бойынша Дене тәрбиесі, «Қазақ тілі» «Музыка» іс-әрекеттері бойынша жылдық перспективалық жоспарлары мен балаларды тәрбиелеу мен білім беру процесінің циклограммалары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №319 бұйрығының 2 қосымшасына сәйкес жазылып, сканерленіп, ресми интернет ресурсына <https://laurus.edu.kz/> орналастырылды.

«LauRus 2019» ЖШС «LauRus» бөбекжайының бағаланатын оқу жылдарында төмендегідей құжаттарды басшылыққа ала отырып,  
**2023-2026 оқу жылдары** Мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбиелеу-білім беру

процесін 2022 жылдың 08 тамыз №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» негізінде әзірленген ҚР білім және ғылы министрінің 2016жылғы 12 тамыз №499 бағдарламаға және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 09 қыркүйек № 394 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарларына сәйкес жұмыс жүргізілді.

2023-2026 оқу жылдарына арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жоспары.

№ р/с	*Ұйымдастырылған іс-әрекет	Жас топтары
		«Балапан», «Айгөлек», «Қарлығаш» мектепалды топтары
1	Дене тәрбиесі	3сағ
	Дене тәрбиесі**	күн сайын
2	Тіл дамыту	2 сағ
	Көркем әдебиет	2 сағ
	Қарым-қатынас-іс-әрекеті	күн сайын
	Қазақ тілі	2сағ
	Қазақ тілі ***	күн сайын
3	Сауат ашу негіздері	3сағ
	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет	күн сайын
4	Математика негіздері	3 сағ
	Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті	күн сайын
5	Қоршаған әлеммен таныстыру	2 сағ
6	Сурет салу	1 сағ
	Мүсіндеу	
	Жапсыру	
	Құрастыру	
	Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті	күн сайын
7	Музыка	2 сағ
	Музыка ****	күн сайын
8	Барлығы	20 сағат

**Бағаланатын оқу жылдары бойынша** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары» 2022 жылғы 09 қыркүйек №394 бұйрығының 1, 2 қосымшасы негізінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары, білім беру дағдылары және ұйымдастырылған іс-әрекеттер сәйкес құрылды.

2023-2026 оқу жылдары бойынша бағаланатын кезеңдердегі ұйымдастырылған іс – әрекеттер кестелері, перспективалық – жылдық жоспарлар мен балаларды тәрбиелеу мен оқыту циклограммалары сканерленіп ұсынылды, ресми интернет – ресурсына <https://laurus.edu.kz/> орналастырылды және ұлттық білім беру деректер базасында дәлелденді.

## V. Оқу–материалдық активтер

**Тәрбие мен оқытудың нәтижелеріне бағдарланған мазмұнға өлшемшарттар:** Қазақстан Республикасы Оқу–Ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №29329 болып тіркелген) бекітілген мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын (бұдан әрі Үлгілік қағидалар) сақтау;

